

"Қазақстан Республикасының валюта нарығын ретке келтіру мен дамыту жөнінде 1995 жылға арналған шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 9 қаңтардағы N 2013 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 10 ақпан N 145. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен. ~ P020331

"Қазақстан Республикасының валюта нарығын ретке келтіру мен дамыту жөнінде 1995 жылға арналған шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 9 қаңтардағы N 2013 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қолдағы шетел валютасына бөлшек сауда жасауға құқық берілген көлік кәсіпорындары мен ұйымдарының ұсынылып отырған тізбесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне әуежайдың, теңіз айлақтарының транзиттік аймақтарында, темір жол, автомобиль және әуе көліктерінде кәсіпорындар мен ұйымдардың ұсынылып отырған тізбеге сәйкес қолдағы шетел валютасына бөлшек сауда жасауын (жұмыс атқару, қызмет көрсету) қарап, оған лицензия беруге ұсыным жасалсын.
3. "Республика территориясында шетел валютасына бөлшек сауданы және қызмет көрсетуді ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 5 қарашадағы N 670 қаулысының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кәсіпорындар мен ұйымдарға, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге орай, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясына сәйкес әуежайдың, теңіз айлақтарының транзиттік аймақтарында, темір жол, автомобиль және әуе көліктерінде ұсынылып отырған тізбеге сәйкес қолдағы шетел валютасына кәсіпорындар мен ұйымдардың бөлшек сауда жасауына (жұмыс атқаруға, қызмет көрсетуге) рұқсат етілсін.

Шетел валютасына бөлшек сауда жасауға (жұмыс атқаруға, қызмет көрсетуге) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар кәсіпорындар мен ұйымдар төлем үшін шетел валютасымен бірге ұлттық валюта - теңгені де қабылдауға міндетті.

Шетел валютасына жасалған бөлшек саудадан (жұмыс атқарудан, қызмет көрсетуден) түскен ақша экспорт ақшасына теңестіріледі және оған сыртқы экономикалық қызметті тиісінше реттеу шаралары қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 10 ақпандағы
N 145 Қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

БЕКІТІЛГЕН

Әуежайдың, теңіз айлақтарының транзиттік аймақтарында,
теміржол, автомобиль және әуе көліктерінде қолдағы шетел
валютасына тауарлар сатуға (жұмыс атқаруға, қызмет
көрсетуге) құқық берілген кәсіпорындар мен ұйымдар

ТІЗБЕСІ

1. Алматы, Батыс Қазақстан, Тың темір жол басқармалары олардың
бөлімшелерімен және кәсіпорындарымен сондай-ақ Оңтүстік Орал темір
жолының Петропавл бөлімшесі: <*>

халықаралық поезддарда (вагондарда) жолаушыларды, жүктер мен тиелген
жүктерді басқа мемлекет аумағымен жүріп өтетін салынған жолмен тасығаны
үшін;

басқа мемлекеттер аумағымен жүріп өтетін жолдарда жүргенде
вагон-думанханаларда сауда қызметін және Қазақстан Республикасы темір жол
поездары мен вагондарында жолаушылардың жүру тәртібін бұзғаны үшін айып
алу кезінде жолаушыларға қажетті қызмет көрсеткені үшін;

Ескерту. 1-тармақтың бірінші абзацына толықтыру енгізілді -
ҚРМК-нің 1995.04.28. N 577 қаулысымен.

2. Халықаралық қатынас жолдарында жолаушылар, жүк және тиелген жүкті тасымалдауға, әуежайлардың транзит аймақтарында жұмыс атқаруға және қызмет көрсетуге қатысатын "Қазақстан әуе жолы" авиация компаниясының Ұлттық агенттігі авиакәсіпорындары, "Саяхат", "Азамат" орталық Азия туристік корпорациясы және "Аэросервис" авиакомпаниялары: <*>

бір жолғы, чартерлік рейстер орындайтын шетел авиакомпанияларының ұшақтарына әуежайлық, коммерциялық, техникалық және аэронавигациялық қызмет үшін;

тауарлар, кәдесыйлар сату және халықаралық рейстерді орындаушы авиакомпаниялар ұшақтарының бортында тасымал ережесін бұзғаны үшін, жолаушылардан айып алу қызметін көрсеткені үшін;

аэровокзалдардың транзиттік аймақтарында сауда қызметін көрсету, авиатасымалды сату үшін.

"DUTY Free Kazakstan" бірлескен кәсіпорнының бажсыз сауда жасайтын дүкеніне осы аймақтарда сауда қызметін көрсету құқығы берілсін. <*>

Ескерту. 2-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.01.

N 1059 қаулысымен.

Ескерту. 2-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.17.

N 1335 қаулысымен.

3. Басқа мемлекеттер аумағы бойынша өтетін халықаралық

қатынас жолдарында жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асыратын автомобиль көлігі кәсіпорындары.

4. Кемелерде ақылы қызмет көрсететін және басқа мемлекеттер аумағымен жүріп өтетін халықаралық қатынас жолдарында ауыр жүк, жолаушылар, жүк тасымалын жүзеге асыратын "Жоғарыертіс кеме қатынасы", "Павлодар өзен порты", "Ілеөзенфлоты", "Шығыс Қазақстан кеме қатынасы" акционерлік қоғамдары.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

аэропорттардың транзит аймақтарында көрсетілетін консулдық қызметі үшін.

<*>

Ескерту. Тізбе 5-тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.04.28.

N 577 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК